

С.С. Сагидуллиева^{1*}, М.С. Оразбек¹, Г.С. Мухиева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

*e-mail: samatovna2021@inbox.ru

ГОТИКАЛЫҚ, МАГИЯЛЫҚ, БАРОККОЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ

Көркем туынды атаулының барлық жанрында қаһарман автор үшін ең негізгі мәселе және автордың ой дүниесін жеткізуде өзімен қатарлас, бірге әрекет етуші бейне болып табылады. Бұл мақалада қазақ-мажар әдебиетіндегі барокколық, готикалық, магиялық туындылардағы кейіпкерлер әлемі талданады. Қазақ және мажар жазушыларының XIX-XXI ғасырда жарық көрген туындыларындағы кейіпкерлердің қосарлану мотиві, аруақтар мен елестер, мәйіт образы салыстыра мәтіндік талдау негізінде сараланды. Кейіпкерлер архетипі, психологиясы мен автор психологиясының арасындағы байланыс, аруақ образының жағымды және жағымсыз белгісі мен гендерлік сипаты қарастырылды. Асқар Алтай, Мадина Омарова, Қойшыбек Мұбарак, Мақсат Мәлік, Лира Қоныс, Дьёрдя Драгоман, Ласло Дарваши әңгімелеріндегі кейіпкерлер типологиясына талдау жүргізіледі. Аталмыш авторлардың бас қаһарманның мінезінде, іс-әрекетінде, ойында ешкімге ұқсамайтын, көбіне жеке тұлғаға тән, оны ұлттық болмысын аша түсетін даралық, нақтылық қалып-қасиетті сақтау, негізгі авторлық идеяны жеткізу тәсілдері талданады. Кейіпкер адам – қоғам – әмбебап өмірінде болып жатқан барлық нәрселердің негізгі себебі ретінде түсініледі. Кейіпкер мен баяндаушының құрылымын талдау, бейнені талдау тікелей шығармада көрсетілмеген авторлық позицияны анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында герменевтикалық, компаравистикалық әдістер қолданылды. Кейіпкер терминінің түсіндіруде ғалымдар тұжырымына негізделіп, готикалық, барокколық, магиялық туындылардағы образдар жүйесі, қалалық балалар типі мысалдармен дәлелденді.

Түйін сөздер: Қазақ-мажар әдебиеті, барокколық стиль, готикалық өрнек, магиялық мотив, постмодернизм, көркем шындық, образдар жүйесі, қала балалар типі.

S.S. Sagidulliyeva^{1*}, M.S. Orazbek¹, G.S. Mukhiyeva²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²West Kazakhstan State University named after M. Utemisova, Uralsk, Kazakhstan

*e-mail: samatovna2021@inbox.ru

The System of Characters in Gothic, Magical, Baroque Prose

In all genres of the title of a work of art, the hero is the author's most important problem and image, acting with himself in conveying the world of the author's thought. This article analyzes the world of characters in the works of baroque, gothic, magic in Kazakh-Hungarian literature. The motives of the duality of characters, ghosts and demons, the image of a corpse were differentiated based on a comparative textual analysis in the works published in the XIX-XXI century. The interrelation between the archetype and the psychology of the characters, the psychology of the author, the positive-negative trait and the gender character of the ghost image were considered. The typology of characters in the stories of A. Altai, M. Omarova, K. Mubarak, M. Malik, L. Konys, G. Dragomany, L. Darvashi was analyzed. The article analyzes the ways in which these authors convey the main idea of the author, preserving individuality, imagery, originality, revealing her national identity like no other in the character, actions, thoughts of the main character. Character is understood as the main reason for everything that happens in the life of a universal human being. The analysis of the structure of the hero and the narrator, the analysis of the image allows us to determine the author's position, which is not directly reflected in the work. Hermeneutical and comparative methods were used in the study. In the interpretation of the term «hero», the system of images in genres works, the type of urban children, based on the conclusions of scientists, is proved by examples.

Key words: Kazakh-Hungarian literature, Baroque style, Gothic pattern, magical motif, postmodernism, artistic reality, image system, urban children's type.

С.С. Сагидуллиева^{1*}, М.С. Оразбек¹, Г.С. Мухиева²

¹ Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

² Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан

*e-mail: samatovna2021@inbox.ru

Система персонажей в готических, магических, барокко произведениях

Во всех жанрах названия художественного произведения герой является для автора самой главной проблемой и образом, действующим с самим собой в передаче мира мысли автора. В этой статье анализируется мир персонажей в произведениях барокко, готики, магии в казахско-венгерской литературе. Мотивы двойственности персонажей, призраков и демонов, образ трупа были дифференцированы на основе сопоставительного текстового анализа в произведениях изданных в XIX–XXI веке, казахских и венгерских писателей. Рассматривались взаимосвязь архетипа и психологии персонажей, психологии автора, положительный-отрицательный признак и гендерный характер образа призрака. Был проведен анализ типологии персонажей в рассказах Аскара Алтая, Мадины Омаровой, Койшыбека Мубарака, Максата Малика, Лиры Коныс, Дьерди Драгоман, Ласло Дарваши. Анализируются способы, которыми данные авторы передают основную авторскую идею, сохраняя индивидуальность, образность, оригинальность, раскрывающую ее национальную идентичность, как никто другой в характере, поступках, мыслях главного героя. Характер понимается как основная причина всего, что происходит в жизни человека – общества – универсала. Анализ структуры героя и рассказчика, анализ образа позволяет определить авторскую позицию, не отраженную непосредственно в произведении. В исследовании использовались герменевтические, компаративистические методы. В трактовке термина «герой» на примерах доказана система образов в готических, барокко, магических произведениях, тип городских детей, основанная на выводах ученых.

Ключевые слова: казахско-венгерская литература, стиль барокко, готический узор, магический мотив, постмодернизм, художественная реальность, система образов, городской детский тип.

Кіріспе

Қазіргі кезде әдеби зерттеу еңбектер мен түсіндірме сөздіктерде «кейіпкер» терминінің түрлі анықтамалары және көркем шығармадағы кейіпкер категориясының жіктелуі бар. Кейіпкерлер бейнелері шығарманың көркемдік идеясын түсінуде маңызды.

Ежелгі римдіктер «person» сөзімен маска киген актерді, ал кейінірек – көркем шығармада бейнеленген тұлғаны атаған. Бұл терминнің синонимі ретінде қазір «әдеби қаһарман» және «басты тұлға» тіркестері бар. Алайда, бұл өрнектер қосымша мағыналарға ие: «қаһарман» сөзі бейнеленген адамның жағымды ролін, ерекшелігін, эксклюзивтілігін баса көрсетеді, ал «басты тұлға» тіркесі кейіпкердің іс-әрекеттерді жасауда жалғыз бір образды жоғары суреттейді.

Кейіпкер – бұл жазушының таза фантастикасының жемісі немесе нақты адамның келбетін болжаудың нәтижесі. Әдеби кейіпкерлермен қатар, адам тұлғасы ретінде, кейде топтық, ұжымдық кейіпкерлер де шығарма мазмұнын ашуда өте маңызды қызмет атқарады. Сонымен қатар әлем әдебиетінде кейіпкерді әдеби кескін белгілермен де зерттеу әдістері қарастырылып

келеді. Бұл тұрасында Питер Падмос, Маартен В. Милдерстің «Quality Criteria for Simulator Images: A Literature Review» (Padmos & Maarten Milders, 2002) зерттеуі бар. Еңбекте кейіпкер кескінің ұсынуда таза физикалық қасиеттерден басқа кескіннің мазмұнына және өзге де сипаттамаларға назар аударылады.

Кейіпкер – бұл жазушының таза фантастикалық ойлауының жемісі немесе нақты адамның келбетін болжап, суреттеуінің нәтижесі, сонымен қатар әйгілі әдеби кейіпкерлерді өңдеп және жаңа болмыстағы образдарды тудыруы. Әдеби кейіпкерлермен қатар, кейде топтық, ұжымдық кейіпкерлер де шығарма мазмұнын ашуда өте маңызды рөл атқарады.

Қазіргі кезде әдеби зерттеу еңбектер мен түсіндірме сөздіктерде «кейіпкер» терминінің алуан түрлі анықтамалары және көркем шығармадағы кейіпкер категориясының жіктеулері бар. Кейіпкерлер бейнелері шығарманың көркемдік идеясын түсінуде маңызды рөл атқарады.

Көркем туындыдағы кейіпкер екі жақты сипатқа ие. Ол, біріншіден, бейнеленген әрекеттің тақырыбы, сюжетін құрайтын оқиғалардың мәнін ашуда әрекет етеді. Готикалық, барокколық, магиялық мотивті туындылардағы кейіп-

керлері сюжеттік желісі бойынша қорқыныш, үрей атмосферасын тудырушы қызметін атқарады. Бұндай мотивтер мен сюжеттерді сәтті әрі нанымды етіп шығару мақсатында жазушылар ежелгі мифтік мәтіндердегі, фольклорлық мұралардағы белгілі, таныс кейіпкерлерді өз туындыларында суреттеді. Орыс әдебиеттанушысы Я. Пропп өзінің әлемге әйгілі «Ертегі мифологиясы» еңбегінде ертегі кейіпкерлерін 7 типке жіктейді. Олар: зиянкес (антагонист), сиқырды жаратушы, ғажайып көмекші, ханшайым және оның әкесі, көшбасшы, қаһарман (батыр қаһарман немесе құрбан қаһарман), жалған батыр. Ғалым ертегі кейіпкерлері сюжеттегі белгілі бір функциялардың тасымалдаушысы ретінде зерттеп, ертегі жанрының кейіпкерлерінің оқиғалар тізбегінің қозғалыс факторлары ретінде қызметіне тоқталады. Кейіпкер актер ретінде көбінесе актант (латын тілінде – іс-әрекет етуші, белсенділік танытушы) терминімен белгіленеді деген қорытындыға келеді (Пропп, 2001).

Екіншіден, бұл ең бастысы, кейіпкер шығарманың сюжетінде тұрақты, жағымды қасиеттердің тасымалдаушысы ретінде бейнеленеді. Қазақ әдебиетінде ертегі жанрындағы кейіпкерлер бейнесінің жиынтығын архетиптік деп қарастырып, алғашқы кейіпкерлер жүйесіндегі жануарлардың поэтикалық ерекшеліктерін атап өтеді (Жанысбекова & Сафранова, 2024).

Барокколық, готикалық, магиялық жанрдағы туындылардағы кейіпкерлер жүйесін талдауда ең алдымен бұл жанрлардың ерекшеліктері адам бойына қорқыныш, үрей тудыруды басты назарға ұстайтынын айта кеткен жөн. Сондықтанда кейіпкерлер жүйесінің көпшілігі мифтік образдар (аруақ, елес, пері, жын-шайтан) немесе архетиптік образдар.

XVIII ғасырдағы готикалық, барокколық, магиялық романдардағы кейіпкерлердің ізгілік пен зұлымдықтың екі негізгі категориясына нақты бөлінуі байқалады (біріншісінде әйел бейнелері басым болса, екіншісінде еркек образдары басым болды). XIX ғасырлардағы кейіпкерлер ерекшеліктерін, атап айтсақ, қосарлану, екінші әлемнің тұрғындары (өлген жандар), ертедегі әйгілі аруақты тұлғалардың образдарын суреттеп, оқырмандарға әдеттегі сюжеттік желіге психологиялық, философиялық әсер ететін типтер ұсынды. Ал, XX-XXI ғасырда мифтік образдар, елес пен аруақ, жын немесе шайтан, табиғи қалыптан тыс кейіптегі бейнелер суреттеледі. Барокколық, готикалық, магиялық жанрларды зерттеу барысында кейіпкерлерге тән ортақ бел-

гілер мен ұқсас кейіпкерлер жүйесінің қалыптасқан.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында XVII-XVIII ғасырда өнер саласында дамыған стилдердің көркем әдеби мәтіндердегі көрінісі және кейіпкерлер жүйесін зерттеу үшін әдебиет теориясындағы зерттеулерден «кейіпкер» терминінің мағынасын толық ашып алуды жөн көрдік. Әдеби кейіпкерге тән белгілер мен автор ұстанымындағы кейіпкер образын қарастыруда шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасадық. Мәселен, кейіпкер теориясын Питер Падмос, Маартен В. Милдерс, Я.Пропп, В.Е.Хализов, А.Б.Есин, А.Байтұрсынов, З.Қабдолов, С.Қасқабасов сынды ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, готика, барокко, магиялық кейіпкерлер жүйесін қарастырдық. Ал, зерттеу нысанына А.Алтай, М.Омарова, Қ.Мұбарак, М.Мәлік, Л.Қоныс, Д. Драгоман, Л. Дарваши туындыларындағы аруақ, жын-пері, өлі адам мүрдесі, ажал образындағы кейіпкерлер әлемі талданды.

Зерттеу жұмысында герменевтикалық тәсіл готика, магия, барокко мотивтерінің интерпретациясын түсіндіру кезінде қолданылса, салыстыра зерттеуде гипотетикалық дедуктивті және жүйелік талдау әдістері қолданылды. Салыстырмалы зерттеу әдісі қазақ әдебиетінде әйел-аруақ жаңа дүниені тудырушы, құпия тылсым күштердің бастаушысы ретінде екінші әлем кеңістігі мен осы мекенді байланыстырушы бейнесінде суреттеуде, ер адамның аруағы өткен мен қазіргі уақыттың күнәларын еске салып, өмір мен өлімді байланыстырушы дәнекер бейнесін қарастырған мәтіндік талдауларда қолданылды. Қазақ және мажар әдеби байланыстары мен ерекшеліктері компаративистикалық талдау әдісі негізінде нақтыланды. Тәуелсіздік кезеңіндегі қаламгерлердің дәстүрлі тақырыптардан биіктеп, кейіпкерлерінің ішкі жан әлеміне, санадағы сапалық өзгерістерге өзгеше өң берудегі жеке қолтаңбасы дараланады.

Әдебиеттерге шолу

Әрбір кейіпкердің не ол бас кейіпкер болсын, не жанама кейіпкер болсын шығармада алар орны мен айтар, оқырманға жеткізер ұстанымы болады. Аталмыш (барокко, готика, магиялық) туындылардағы кейіпкерлер құпияға толы,

тылсым күштердің ықпалында болғанымен, қоғамдағы өзекті мәселелерді, қайшылықты іс-әрекеттерді әшкерелеуші ретінде сомдалады. Бұл туындылардағы кейіпкерлер жүйесі мифтік туындылардан бастау алады. Мифтік шығармалардағы үш әлемді мекен етуші образдар қазіргі әлем тұрғыны ретінде суреттеледі. «A Statistical Study on Some Micromorphological Characters» атты зерттеуде мифтік туындылардағы құдайлар образы мен жын-перілер, аруақтардың символдық бейнесі қарастырылған. Зерттеуді сонымен қатар жын-перілердің адам келбетінен бөлек, жануарлар мен құбыжықтардың бейнесінде де кездесу ерекшеліктері талданады (Özdemir & Özdemir, 2022). Әдебиеттанушы ғалым С. Қасқабасов фольклорлық жанрлар құрамын зерттеген еңбегінде қазақ әдебиетіндегі миф пен тұрмыстық әңгімелердің бірігуінен пайда болған қорқынышты оқиғалар мен кейіпкерлер кездесетін жанрды хикая деп атады. Ғалымның пайымдауынша, «...ежелгі албасты, жезтырна, үббе, күлдіргіш тәрізді кейіпкерлермен бірге хикаяларда жын, шайтан, диюлар жүреді. Фольклордың басқа жанрларынан бөлектеп тұратын тағы бір белгі – хикаяда кей жағдайда адам мен мифологиялық кейіпкердің қақтығысы трагедиямен аяқталады, яғни адам жеңіліс табады» (Қасқабасов, 2015: 37). Хикая жанры халық арасында таралуына байланысты шындықпен қатар қосынды сюжеттер мен элементтер кездесуі мүмкін. Кейінірек, бұл фольклорлық жанрдың кейіпкерлер әлемі мен сюжеттік ерекшеліктері басқа да жанрлардың құрамына еніп, өзгеріске ұшырады. Мәселен, батырлар жырындағы жын-перілер образы да готикалық жанр элементтеріне жатады. «Қара мерген» ертегісінде пері қызының образын төмендегіше береді: «Бір уақытта есік ашылып, бір қыз үйге кіріп келді, қараса, сұлулығы толған айдай, үстіндегі киімі қызыл алтынға қарық болған, сәулесі қараңғы үйді жарық қылады» (Бабалар сөзі: жүз томдық, 2011: 13).

Орыс әдебиеттанушысы В.Е. Хализовтың «Әдебиет теориясы» еңбегінде: «кейіпкерлер өздері жасаған іс-әрекеттердің, сондай-ақ мінез-құлық пен қарым-қатынас формаларының, ойлардың, сезімдердің, ниеттердің көмегімен сипатталады. Әдеби шығармадағы адамның барлық осы көріністері белгілі бір нәтижеге ие, М.М. Бахтиннің жеке тұлға әдеби шығарманың өзегі деп атаған, А.А. Ухтомскийдің адамның бастапқы түйсігімен анықталған доминант деп көрсеткен. Адамдардың санасы мен мінез-құлқының тұрақты өзегін белгілеу үшін құндылық

бағдары тіркесі кеңінен қолданылады» (Хализов, 2013: 160) дейді. Біз қарастырып отырған кейіпкерлер өз ұстанымы, болашаққа деген сенімі мол, қоғамның әділетсіз позицияларымен күрескер болып суреттеледі. Готикалық шығармаларда кейіпкерлер өз әлемін қалыптастырушы, оқырманға философиялық ой салып, қоғамның жағымсыз жақтарын әшкерелейді. Ғалым А.Б. Есин «Әдеби шығарманы талдаудың принциптері мен әдістері» оқу құралында кейіпкер, ең алдымен, шығармада кейіпкері маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. Зерттеуші әдебиеттануда эпикалық және драмалық шығармаларды талдауда әдебиеттанушылар кейіпкерлер жүйесінің композициясына, яғни шығарманың кейіпкерлеріне, олардың өзара байланыстары мен қатынастарын талдауға көп көңіл бөлуі керек екенін атап өтеді (Есин, 2008: 134). Ал, ғалымның классификациясы бойынша негізгі кейіпкерлерді (олар сюжеттің ортасында, негізгі әрекет олардың айналасында шоғырланған), екінші реттік (оларға авторлық көңіл аз бөлінеді, бірақ олар басты кейіпкерді толықтыра және аша алады) және эпизодтық (авторлық назардан тыс) деп ажыратады.

Әдебиеттанушы ғалым Н.Л. Вершинина «Әдебиеттануға кіріспе» оқулығында да «кейіпкер» терминіне жүгінеді және келесі анықтаманы ұсынады: кейіпкер – көркем образдың бір түрі, іс-әрекеттің тақырыбы. Бұл термин, Н.Л. Вершининаның пікірінше, белгілі бір контексте «актер», «әдеби қаһарман» ұғымдарымен алмастырылуы мүмкін, бірақ қатаң теориялық тұрғыдан олар әртүрлі терминдер. Н.Л. Вершинина құрған кейіпкерлер жүйесі біз қарастырған ең кең жүйе болып табылады. Шығарманың көркем әлеміндегі әдеби кейіпкерлердің рөлін ескере отырып, оларды негізгі (бірінші жоспар), қосалқы (екінші жоспар), эпизодтық және олардың оқиғаларды дамытуға қатысуы тұрғысынан активті (белсенді) және пассивті деп бөлуге болады (Вершинина, 2015: 28).

Қазақ әдебиеттануында А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет әдеби жанрлардың түрлерін бөліп қарастырып, көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерін, автор болмысын бөлек қарастырды. Лиркалық жанрда кейіпкер әрдайым автордың өз болмысы немесе ақын сөзін сөйлеуші ретінде суреттеледі деп пайымдайды. Ол эпос, соның ішінде, роман жанрындағы кейіпкер мәселесіне байланысты тұжырымын ұсынады: «Мінездері ұқсас бірыңғай, бір кейіпті адамдарды кейіптес дейміз. Мінездің белгілі бір түріне кейіп беретін адамдарды ке-

йіпкер дейміз. Жомарттық, сарандық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық – бұлар қай жұртта да болатын мінездердің жалпы кейіптері. Сондықтан мұндай мінезді адамдар жалпы кейіпкерлер болады» (Байтұрсынұлы, 2003: 342). А.Байтұрсынұлының бұл пікірінен байқағанымыздай, әдеби қаһарман мен кейіпкер категориясын бөлек қарастырған, әдеби қаһарманға жалпылылық тән десек, кейіпкерге субъективті қасиеттер тән деп білеміз. Өйткені кейіпкер бойындағы жомарттық, батырлық, сарандық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық сынды адамгершілік қасиеттерді жеке белгілерді бөліп қарастырады.

3. Қабдолов көрсеткендей «әдебиеттің предметі – адам дегенде, әңгіме дайын қаһарман жөнінде ғана емес, қаламгердің сол қаһарманды жасау үстіндегі барлық творчестволық әрекетінің ойы-қыры, қия-қалтарысы туралы болуға тиіс» (Қабдолов, 2007: 88), әдеби қаһарман немесе кейіпкер арқылы автор өзінің идеясын, тақырып миссиясын жеткізеді.

Көркем шығармадағы қаһарман мәселесіне көңіл аударған А.И. Белецкийдің пікіріне сүйенсек, «Көркем шығарманы біз «қаһармандарсыз» немесе әрекетсіз бейнелер арқылы ойлай алмаймыз. Лирикада қай жағынан болса да бізге өзінің ішкі әлемін танытуға тырысушы басты қаһарман – ақын болып табылады. Эпоста – міндетті түрде бір немесе бірнеше қаһарман; көбінесе біреуісі басты ойды жеткізуші ретінде бірінші орында жүреді, ал қалғандары оған қатыстылығы тұрғысынан құрылады» (Белецкий, 2018: 119). Әрбір кейіпкердің не ол бас кейіпкер болсын, не жанама кейіпкер болсын шығармада алар орны мен айтар, оқырманға жеткізер ұстанымы болады.

Біз қарастырған жанрлардағы кейіпкерлердің басым көпшілігі – аруақтар, жын-перілер, бақсы, балгер, ажал образдары. Бұл образдар қазақ әдебиетінде мифтік туындыларда жиі кездеседі. Мифтік образдарды отандық зерттеушілер Е.Қ.Сейітқазы мен А.А.Мәуленовтің «Жамбыл Жабаев шығармаларындағы мифтік образдар» атты ғылыми мақаласында ақын жырларындағы мифтік бейнелердің поэтикалық түстері мен салыстырулар, метафорлары талданады (Сейітқазы & Мәуленов, 2022). Аталмыш образдарды біз архетиптік бейнелерге де жатқызамыз. Архетип образдарының көркем мәтіндердегі көрінісін әдебиеттанушы Ж.Ә.Аймұхамбет, М.С.Оразбек, А.Мырзахмет, Л.Демесинова, О. Сүлейменова сынды ғалымдардың еңбектерінен көре аламыз. «И.С. Тургенев «Накануне» («Қарсаңында») романдағы архетиптік бейнелер» атты зерттеуінде

роман атауының поэтикасын; кейіпкерлер бейнесінің семантикасы; жұмыстағы архетиптер мен мифологемалардың қызметтері қарастырылады (Сүлейменова, 2022). Аталмыш (барокко, готика, магиялық) туындылардағы кейіпкерлер құпияға толы, тылсым күштердің ықпалында болғанымен де қоғамдағы өзекті мәселелерді, қайшылықты іс-әрекеттерді әшкерелеуші ретінде сомдалады.

Нәтижелер мен талқылау

XVIII ғасырдағы готикалық, барокколық, магиялық туындылардағы кейіпкерлерде ізгілік пен зұлымдықтың екі негізгі легіне нақты бөлінуі байқалады. Олардың біріншісінде, әйел бейнелері басым болса, екіншісінде еркек бейнелері басым болды. Жалпы бұл туындыларда зұлымдықтың бастауы немесе қорқыныш әлеміне жетелеуші кейіпкер әйел бейнесінде бейнеленді. Аруақ, елес, бақсы сынды бейнелерді әйел кейіпкерлері сомдады. Мәселен, Қойшыбек Мұбарактың «Айдың соңғы сәрсенбісі», «Тораңғылы сиқыры», «Мүрде», «қыз Ләйлі» сынды туындыларында, Мақсат Мәліктің «Ертекші қыз» әңгімесінде, Лира Қоныстың «Ауыл», «Махаббат туралы роман», «Отыз үш раушан тал» хикаяларында мистикалық сипаттағы бас кейіпкер әйел-елес, аруақ бейнесінде.

Ал, Асқар Алтайдың «Казино», «Шаһид» әңгімелерінде, Мадина Омарованың «Жол үстінде», Қойшыбек Мұбарактың «Қырық бірінші бөлме», Мақсат Мәліктің «Ажалмен бетпе-бет», «Ажалды құған жігіт» туындыларында ер кейіпкерлері қорқыныш атмосферасын тудыруға ықпал етеді. Жазушы Қойшыбек Мұбарак: «... менің әр шығармамда ай мен әйел қатар жүреді. Ол туралы өзгеге айтып сендіре алмайтын өз шындығым бар. Сенем!» (el.kz, 2018) деген пікір білдірген. Қойшыбек Мұбарактың әр туындысында әйел бейнесіндегі елес, аруақ екі әлемді байланыстырушы немесе қорқыныш сезімін тудыру күші болып суреттеледі.

Жалпы барокколық туындылардағы басты кейіпкер өз ұстанымы, болашаққа деген сенімі мол, күш-жүгері күрескер болып келсе, готикалық шығармаларда кейіпкерлер өз әлемін қалыптастырушы, оқырманға ой салар, қоғам жағымсыз жақтарын әшкерелейді, ал магиялық туындылардағы кейіпкерлер әр түрлі тылсым күштердің әсерімен болашақ пен өткенді суреттеуші, байланыстыру ретінде беріледі. Бұндай тылсым әлем кейіпкерлерін суреттеуде автор-

лардың көпшілігі ерте кезден естіген аңыздардың не мифтік образдардың (бақсы, балгер) әсері екенін айтып жатады.

Сонымен қатар магиялық туындылардағы кейіпкерлер әртүрлі заттармен сиқырға жүгінетіні белгілі. Ол заттарға қазақ-мажар әдебиетінде де айна, дұғалардың әсері көп суреттеледі. Бас кейіпкерлер сиқырды не құпияға толы сырды айна, от, дұға арқылы екі әлем кеңістігін береді. Қойшыбек Мұбарактың «Тораңғылы сиқыры» әңгімесінде бас кейіпкер жігіт базардан алған тұмары арқылы екінші әлемге (перілер мекені) өтсе, мажар әдебиетінде Дьёрдя Драгоманының «Сүйектен от» («*György Máglya*») романында бірінші тарауда әжесінің сиқырлы дұғалары арқылы посттравматикалық күйзелістен зардап шегіп жатқан кішкентай қызды тыныштандырады да, оны осы әлемде жалғыз емес екенін сездіреді. Роман желісінде кішкентай қызды үлкен қатерлерден әжесінің дұғасы аман алып қалса, отқа оқылатын дұғалармен түрлі шытырманға толы оқиғаларға тап болады.

«Шығармашылық процесс кезіндегі автор мен қаһарман арасындағы «бітіспес» қайшылықтың, психологиялық күрестің туу себебін біз ең әуелі суреткердің көркемдік-қиял фантазиясы мен творчестволық акт кезіндегі психикалық өзгеріске енуінен, яғни автордың суреткерлік айрықша сезім күйінен, таным түйсінуден іздейміз» (Оразбек, 2003: 88). Тұрасында автордың қиялынан туған кейіпкерлердің барлығыда бейсаналы тұрғыда пайда болады. Автор өз кейіпкерін өміріндегі, тұпсанасындағы образдардың жинақталған түрінде суреттейді. Бүгінгі туындылардағы мифтік образдар, кейіпкерлердің құпиялы тағдырлары – барлығы автордың тұпсанасындағы психологиялық өзгерістер нәтижесінде туған бейнелер.

Асқар Алтайдың «Казино» (Алтай, 2013) әңгімесінде бас қаһарман Жошының өз ажалын (адам бейнесінде) көріп, тілдесуі суреттеледі. Автор бас қаһарман мен ажалдың кездесуін Жошының психологиялық күйзеліске түсіп, өткен шағындағы ғашығымен болған келенсіз жағдайдан кейін береді. Өйткені, адам қандай да бір күйзеліс, ішкі толғанысы кезінде тылсым күштерге, екінші әлем деңгейіне өте алу мүмкіндігіне ие деген сенім жатыр. Сонымен қатар Жошы ғашығына қосыла алмаған тұста не себепті өлім туралы ойлайды? Себебі, бала күнінен ата-анасының тұрмыстық қиындықтарға тап болған шақтарында бір-біріне қол жұмсап, өздерін құрбан етуін көріп өседі. Кішкентай Жошының да

бойында өз қалауына жету мақсаты үшін өміріне қауіп төндіріп, айналанды қорқыту арқылы ғана болады деген түсінік қалыптасады. Бұл – адам бойындағы «бейсаналық» күйі. Психоаналитик ғалымдар З.Фрейд пен Юнгтің талдауларынан білетініміздей, «бейсаналық» дегеніміз адамның түпкі жадында сақталған құпия ойлары мен жайттар. Адам+ ішкі «Мен» түсінігі оянған тұста, осы «бейсаналық» күйге еніп, өзіне жат деп білген іс-әрекеттерге барады.

Қойшыбек Мұбарактың «Тораңғылы сиқыры», «Пері көші» сынды әңгімелерінде бас кейіпкер ер адамның әйел адам арбауында, перінің көшіне ілесіп кетуі баяндалған. Жалпы магия ақ және қара деп ажыратуда, қара магия әйел адамның ықпалы күштірек екені айтылып келеді. Әйел адам – дұға, дуалау сөздер арқылы өзінің сиқырлы әлеміне бастаушы. Қойшыбек Мұбарак жын-пері немесе аруақ әйел образынжа беріуін, әйел адамның жаңа нәрсенің бастауы, дүниені жаратылысты келтіруші ретінде берілуін негіздейді.

Мадина Омарованың «Жол үстінде» деген шағын әңгімесіндегі адам табиғатына жат мінездер, ар алдындағы бойжеткеннің күйзеліске түскен күйі оқырманды ойландырмай қоймайды. Бізге бұл әңгіменің етене жақындығы қазақы ұғымдағы елес, өлі мен тірінің арасындағы диалог, олардың бір-бірінен қаншалықты рухани алшақтағанын көрсету арқылы оқырманын біраз ойдың тереңіне сүңгітуі. Оқиға Алмабек қарттың марқұм болған баласымен ауылға жаяу келе жатқан қыздың әңгімесі арқылы дамиды. Табиғатынан сақау жігіттің кемістігін ақымақтыққа балаған жас қыздың осынша пенделік ойға баруына не себеп? Өмір мен өлім арасындағы алшақтық мына бір тұстарда жіті көрінеді:

«— Орталыққа жай барып па едіңіз?

— мен бе?

Таңданғаны сонша суыт жүрісінен жаңылып, бетіме үңілген. Содан кейін сабасына түскендей, баяғы жылдамдығын қайта тапты. «Есі дұрыс емес пе?» деген ойдың басыма жаңа келгеніне қайран қалдым. Өзі сақау, өзі жыңды. Құдай, саған не жаздым.

— Келісінше, олталықтан келемін. Ауылда тығыз шалуа болып. Түкке тұлмайтын шалуа, білақ өзім келмесем бітпейтін болды.

— М-м-м, түсінікті» (Омарова, 2012: 159).

Мадина Омарова аталмыш әңгімесінде қалтарыста жатқан сауалдарға жауап іздейді. Бірінші жақтан сөйлеген жас қыздың сақау жігіттің алдында өзін тым жоғары қоюы адамгершілікке

жата ма? Адамдар арасындағы теңсіздік, бір-бірінен үстемдігі, өмір көрмеген жас қыздың ойына әлгіндей мүсіркеушіліктің қайдан келгеніне таң қаласыз. Өзіміз байқамайтын көп қателіктерімізді автор еске салғандай көрінеді. Абайдың: «Адамның тірісінде жақсысы жоқ, өлгеннен соң жаманы жоқ» идеясымен сабақтас келетіндей.

Жолда келе жатқан жас қыз сақау жігіттің өлген адам екенін білмейді.

Кейін апасы екеуінің арасындағы:

«– Жалғыз келген жоқпын. Алмабек шалдың баласы екеуміз келдік, – деп шынымды айттым.

– Қай Алмабек?

– Иттері бар ше.

Апам ернін сылп еткізді.

– Оның баласы өліп қалмап па еді?!

– Өлмей-ақ тірі. Бірге келдік деп тұрмын ғой.

Апам сандықтың үстіне отыра кетті.

– Оның жалғыз сақау баласы авариядан кеткен... Он жыл болды, міне.

– Сақау деймісің?» деген диалог-сөзден соң ғана оқиғаның анық-қанығына көзі жетеді (Омарова, 2013: 161).

«Жол үстінде» атты бұл әңгімеде кейіпкердің өкінуі, артық кеткен сөзі үшін өзін-өзі жегідей жеуі де, таусылуы да әңгіменің ішінде көрсетілмеген. Керісінше оқырманға ой салады. Жас бойжеткеннің әңгіме сыртындағы ишарасы оқырман көңіл-күйімен біте қайнасып кеткен.

Мадинаның бұл әңгімесі кейіпкердің қалтарыстағы ойы арқылы жұмыр басты пенденің басында болатын рухани мүгедектіктің бетін ашу. Әңгіменің мына бір тұсын: «Ең болмаса қолымды қалтасына салсам ғой. Бірақ әйелі бар ма, жоқ па, соны біліп алса болар еді. Дегенмен есінің дұрыс еместігі рас болса, бойдақ шығар. Күлкім келді» (Омарова, 2013: 161) дегенді көзіңізге елестетіңіз. Қуыстанған кейіпкердің жанын жаралаған осыншама сұрқия ойлар дұрысында саналы оқырманның өмір сауалдарымен күресуіне жол ашқандай. Мадина тылсым оқиғалар желісін ала отырып, адамдар психологиясында кездесіп жататын эгоистікті көрсетіп берген. Алмабектің баласының сақаулығы болмаса, есі дұрыс емес дейтіндей ол қандай өрескел қылық жасады? Немесе жас қыздың одан артықшылығы неде? Аталған әңгімеде автор, кейіпкер, оқырман үшеуі біртұтас шығармасыртындағы «өмір мәні» деген сұраққа бірлесіп жауап іздейді.

Мажар жазушысы Ласло Дарвашидің «Тауда» әңгімесінде ұлының әкесінің мүрдесін суреттеуден басталады. Есімі аталмайтын кейіпкер мүрдеден қорықпай, әкесің бірнеше күн бойы

күзетіп отырады. Бұл туындыда елеспен тілдесу кездеспегенімен де, мүрденің көзінің ашық жатуы, баланың жерлеу сәттері суреттелген. Ұлы әкесінің қайтыс болар алдындағы тілектерін дәл орындайды, денесін үйден шығарып, есік алдында қалдырады. Ол әкесінің «қатып қалған» көзқарасында таңданып және денесінің ауыр емес екеніне таң қалады. Ұлы алғаш рет өлім құбылысымен кездеседі, қабірді қазуды үйренеді.

Мақсат Мәліктің «Ажалмен бетпе-бет» әңгімесінде кейіпкерлерінің есімі аталмайтын әңгімесінде жас журналист ажалдан сұхбат алуды ұйғарады. «Ақыры бір байламға тоқтадым. Нысананы тапқандаймын. Ажалдан сұхбат алатын болып шештім. Осының алдында ғана әлдебір газеттен бір адамның «Ажалды қуған жігіт» деген әңгімесін оқығаным есіме түсті. Сол сәтте әңгімедегі кейіпкердің Ажалды таппай сенделіп, сарсылып жүргеніне ызаланғанмын. Ал журналистердің бір көрінген адамның соңынан бәрі жүгіріп, жапатармағай газет беттеріне соны жариялайтыны болмаса, Ажалдан сұхбат алғандарын көрмеппін» (Мәлік, 2011: 11).

Осылайша Ажалға деген сұрақтарын реттестіріп, Ажалды іздестіруге шығады. Бір қызығы Ажалға қоңырау да шалады. Ақыры іздеген Ажалды Алланың үйінен кезіктіреді. «Қасына бардым. Сенесіздер ме, бірінші рет Ажалдың бет-әлпетін, түр-түсін көрдім. Адамға да, аңыздағы шайтандарға да мүлдем ұқсамайды. Бірақ, кешіресіздер оны суреттеп бере алмаймын. Бөлек бітім» (Мәлік, 2011: 12).

Өзінің мистикалық кейіпкерімен бас қаһарманды тілдестіріп те, жүздестіріп оқырманның санасына түрлі ой сала білген Мақсат Мәлік аталмыш шығармасында қазақ ұлтының бүгінгі күйі жайында ой тастайды: «– Алты миллиард адамның қайсысың, – деді. Молда жайында қалды. Молданы құдай сақтады. Ажал бар назарын маған аударды.

– Қазақпын. Журналист едім...

– А, не дейді, сендер әлі жер бетінде бар екенсіңдер ғой (таңданып тұр). Жандарың сірі екен... Білемін... қазақтарды білемін» (Мәлік, 2011: 12).

«Ажалды қуған жігіт» аты айтып тұрғандай шығармада Ажалды түнде түсінде көріп, күндіз әр бұрыштан іздеп жүрген жас жігіт жайында. Ажалмен тек түсінде ғана кездесіп жүрген жігіт іздеп табуға бекінеді. «Жоқ... бәрібір мен сені он сегіз мың ғаламнан болса да тауып аламын. Бекерге қашасың, бекерге...» – деп айқайлады» (Мәлік, 2011: 33).

Қала көшелерінен Ажалды іздеп шарық ұрған жігітті қара көлік келіп қағып кетіп, жігіт мәңгілікке өзі қуған Ажалмен енді бетпе-бет кездесті. «Көзін ашты. Құлағына лентасы шайналған магнитофондай күңгір дауыстар естіледі. Ажалды көрді. Бірден таныды. Мазақ етіп тұр. Қашпайды» (Мәлік, 2011: 36).

Бұл әңгімелерді оқи отырып жапондық жазушы Юкио Мисима жазу стилін еске түсіреді. Ю. Мисима туындыларындағы кейіпкерлері де өлімге құштар жандар. Мақсат Мәліктің екі әңгімесі «Ажалмен бетпе-бет», «Ажалды қуған жігіт» кейіпкерлері адам санасына ұялаған Ажалдың үрей елесінен қорықпайды. Ажалмен тілдесіп те, ізіне түсіп жүріп алатын кейіпкері барлық адамға да өлімнің, Ажалдың келетін уақыты бар екенін көрсетеді.

Нәзік те сыршыл Лира Қоныстың «Ауыл» атты әңгімесінде де ауылына қыдырып келген студент қыздың көрші әжесімен тілдесіп, екі күн қатарынан жолығуымен басталады. Алайда, жеңгесінен көрші әжесінің екі ай бұрын өмірден өткенін естігенде бас қаһарман да, оқырман да таң қалады. Екі күн тілдесіп жүрген әжесі аруақ екенін білеміз. Ауылын аңсап келген қыз көрші әжесінің елесін көруі таңқаларлық жағдай. Автор ауылға деген сағынышы мен әжесіне деген махаббатын аруақ пен кейіпкерді тілдестіру арқылы береді. Бұл бас қаһарман аруақты жолықтыруы тегін емес. Оның бойында психологиялық ауытқу немесе сағыныштан туған иллюзия бар. «Бейсаналы» түрде Лира Қоныс әжесіне, ауылына деген сағынышын осылайша бас қаһарман мен аруақ диалогтары арқылы көрсетеді. «Махаббат туралы роман» әңгімесінде де бас кейіпкер кітапханадан махаббат туралы роман сұрайтын кейіпкерімен танысады. Апта сайын махаббат туралы роман оқып жүрген оқырманды қаһарманның зираттардың бірінен көргенде ғана өзінің аруақпен жолығып жүргенін түсінеді. Лираның оқырманға қойған сауалы «Сонда өлілер де махаббат туралы роман оқиды ма? Махаббатты аңсайды ма?» деген. Әрине, Лира Қоныс бұл әңгімесі арқылы өлілер әлемінен сыр шертіп, екі дүние құпиясын ашуға ұмтылады.

Қорытынды

Қазіргі таңда әдебиет өзінің негізгі нысанасы – адамды, оның қайшылыққа толы жан-дүниесін шынайы көрсетілуге барынша күш салды. Жазушылар өзіне дейінгі көркемдік дәстүрдің үлгілерін бойына сіңіре отырып, тың ізденістерге

баруда. Бұған басты себеп қоғамның өзгеруі, тарихи-саяси жағдай деуге толық негіз бар. Готикалық, магиялық, және барокколық прозалық туындылардағы кейіпкерлер жүйесі әдебиеттегі ерекше сипаттар мен стильдердің үйлесімін көрсетеді. Әрбір жанр өз кейіпкерлерінің құрылымы мен дамуына әртүрлі әсер етеді.

Готикалық әдебиетте кейіпкерлер жиі қараңғы, құпиялы, және моральдық екіұштылықта болады. Олардың арасынан: антиқаһармандар: негізгі кейіпкерлер көбінесе әлеуметтік нормалардан ауытқып, ішкі қақтығыстармен бетпе-бет келеді; елестер мен аруақтар: психологиялық және физикалық қорқыныш тудыратын жаратылыстар, кейде олар кейіпкердің психологиялық күйін бейнелейді; бейнесіз зұлымдар: олар көбінесе қайталанбас сиқырлы әлемде туындайды, жалпы атмосфераны қараңғыландырады.

Магиялық реалистік туындылардағы кейіпкерлер шындыққа байланысты екі типке жіктеуге болады. Олар: бірінші типке сиқыршыларды жатқызсақ, олардың күштері әлеуметтік шындықты өзгерту үшін қолданылады; екінші типке табиғатпен байланысты кейіпкерлер: көп жағдайда, олар табиғаттың элементтерімен бірігіп, ерекше қабілеттерге ие образдарды айта аламыз.

Барокколық әдебиетте кейіпкерлер көбінесе экстравагантты, эмоционалды және көпқырлы болып суреттеледі. Оларды іштей жіктейтін болсақ, драмалық тұлғалар: олар қасірет, махаббат, және құлдырау сынды күрделі эмоцияларды сезінеді; символикалық фигуралар: кез келген кейіпкер көбінесе адамзаттың жалпы тәжірибесін немесе әлеуметтік мәселелерді көрсету үшін пайдаланылады. Готикалық, барокколық, магиялық туындылар жағымсыз кейіпкерлердің ұстамдылығымен, зұлымдықты басты принципте ұстауымен және сюжеттің қайғылы аяқталуымен ерекшеленді. Ал, позитивті кейіпкерлер шамадан тыс қияли, сезімтал, бәрінде мистикалық нәрсені көруге бейім, қорқыныш атмосферасын құруға көп ықпал етіп, белгілі бір оқиғаларды, жағдайды қалай қабылдау керектігін «үйренеді». Оқырман шығармашылық процесте қорқынышты, үрейлі кейіпкермен бірге сұрақы сұмдықтарды ойлап табады.

Қорыта айтқанда, готикалық, барокколық, магиялық туындыларда қорқыныш, үрей кейіпкердің психикасының ерекшеліктерімен байланысты немесе оның ауытқуларынан туындаған субъективті түрде бастан кешіретін оқиғалары; бұл жалғыз жанның жойылуы, ішкі хаос, ақыл

мен сезімнің үйлесімсіздігі түрінде беріледі. Кейіпкерлерді зұлым, мифтік образдар, шайтан сынды деп жіктеуімізге болады. Кейіпкерлер жүйесі арқылы авторлар оқырмандарды жаңа, таңғажайып әлемдерге апарып, әр кейіпкердің тереңдігі мен күрделілігін ашады.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19679524 «Қазіргі қазақ прозасындағы қалалық балалар типологиясы және ұлттық ментальдік (ағылшын әдебиеті мен қазақ әдебиеті шығармаларын салыстыру)» жобасы аясында әзірленді.

Reference

- Altay, A. (2013). Killer sauysqan [Killer shook]. Almaty. Arda+7. (in Kazakh)
- Babalar sozi: zhuz tomдық (2011) [The words of the ancestors: a hundred volumes]. Comp.: S. Kaskabasov, K. Kenzhalin; editorial board of the volume: S. Kaskabasov [etc.]. Astana. Foliant. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (2003). Bes tomдық shygarmalar zhinagy [Five-volume collection of works]. T.1. Almaty. Alash. (in Kazakh)
- Beletsky, A.I. (1964). Izbrannyye trudy po teorii literatury [Selected works on literary theory]. Moskva. Enlightenment. (in Russian)
- Vershina, N.L. (2015). Vvedenie v literaturovedenie: uchebnyk [Introduction to Literary studies: textbook]. Moskva. Juright. (in Russian)
- Zhanysbekova E., & Safronova, L. (2024). Adebі erteginin arkhetiptik beyneleri [Archetypal images of a literary fairy tale]. Bulletin of the Kazakh National University. Philology series. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph15>
- Esin, A.B. (2008). Principy I priemy analiza literaturnogo proizvedeniya: ucheb. posobie [Principles and techniques of literary work analysis: a textbook]. Moskva. Flint: Science. (in Russian)
- Kabdolov, Z. (2007). Soz oneri [Word art]. Almaty. Sanat. (in Kazakh)
- Kaskabasov, S. (2015) Tandamaly. T.4. Folklor iirimderi [Selected. Vol. 4. Folklore Threads]. Astana. Foliant. (in Kazakh)
- Malik, M. (2011). Zhumbaq kitap [Mysterious book]. Almaty. Zhalyn Publishing. (in Kazakh)
- Mubarak K. Prozany mistikadan bastadym... [I started my prose with mysticism...] [Electronic resource]. URL: https://el.kz/_kazak_prozasindagi_mistikanin_bastaushisinin_birimini_26547/ (Date of use: 11.01.2024) (in Kazakh)
- Omarova, M. (2012). Qadir tuni [Night of dignity]. Almaty. Zhalyn. (in Kazakh)
- Orazbek, M.S. (2003). Avtor zhane shygarmashylyq prosses [Author and creative process]. Almaty. Ata mura. (in Kazakh)
- Propp, Ya. (2001) Morfologiya folshebni skazki [Morphology of a fairy tale]. Scientific edition, textual commentary by I.V. Peshkov. Moskva. «Labyrinth» Publishing house. (in Russian)
- Seitkazy, E.K. & Maulenov, A.A. (2023). Zhambyl Zhabayev shygarmalaryndagy miphik obrazdar [Mythical images in the works of Zhambyl Zhabayev] // Bulletin of the Kazakh National University. Philology series. (in Kazakh)
- Khalizov, V.E. (2013). Teoriya literatury [Theory of literature]. Moskva. Publishing center «Akademiya». (in Russian)
- Padmos, P., Maarten Milders, V. (2002). Quality Criteria for Simulator Images: A Literature Review //Simulation in Aviation Training.
- Suleimenova, E. (2022). Archetypal images in the novel «Nakanune» by I.S. Turgenev. // Bulletin of the Kazakh National University. Philology series
- Özdemir, A., & Özdemir, A. (2022). A Statistical Study on Some Micromorphological Characters. Avrupa Bilim Ve Teknoloji Dergisi

Авторлар туралы мәлімет:

Сағидуллиева Сандугаи Саматовна – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: samatovna2021@inbox.ru);

Оразбек Мақтагүл Социалқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: makpal_zere@mail.ru);

Мухиева Гүлмира Сейтмұхамбетовна – педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал, Қазақстан, e-mail: mgs-94@mail.ru).

Сведения об авторах:

Сағидуллиева Сандугаи Саматовна – докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, (Астана, Казахстан, e-mail: samatovna2021@inbox.ru);

Оразбек Мақтагүл Социалқызы – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, (Астана, Казахстан, e-mail: makpal_zere@mail.ru);

Мухиева Гүлмира Сейтмұхамбетовна – магистр педагогических наук, преподаватель, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова (Уральск, Казахстан, e-mail: mgs-94@mail.ru).

Information about authors:

Sagidulliyeva Sandugash Samatovna – PhD student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, (Astana, Kazakhstan; e-mail: samatovna2021@inbox.ru)

Orazbek Maktagul Socialovna – doctor of philological sciences, Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, (Astana, Kazakhstan; e-mail: makpal-zere@mail.ru)

Muhieva Gulmira Seitmukhambetova – master of Pedagogical Sciences, teacher, West Kazakhstan University named after M. Utemisova (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: mgs-94@mail.ru).

*Келін түсті: 7 қазан 2024 жыл
Қабылданды: 9 маусым 2025 жыл*